



«Бекітемін»
Мектеп директоры
Ж.Махметов

Майшұқыр негізгі орта білім беру мектебінің
2022-2023 оқу жылдарға арналған
«ҰШҚЫР ОЙ» ДЕБАТ КЛУБЫНЫҢ
ІС-ШАРА ЖОСПАРЫ

2022 – 2023 оқу жылы

«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубын жүргізудің жоспары

Дебат қозғалысының мақсаты: қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Дебаттың міндеттері:

- 1) білім алушылардың бойында құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті, шығармашылық және сын ойлау, даулы жағдайларды диалогташтық жолмен шешу қабілеттерін қалыптастыру;
- 2) клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникациялық дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;
- 3) білім алушыларды дебаттық қозғалысқа жаппай тарту, мәдени-демалыс және ағарту қызметінің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, мектебіміздің дебаттық клубын құру;
- 4) мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;
- 5) дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;
- 6) талқыланатын мәселелер бойынша іс жүзінде іске асырылуы мүмкін ықтимал ымыралы шешімдерді шығару, клуб мүшелерінің көзқарасын қорғауға, басқаларды сендіруге және олардың қателіктерін мойындау білігін дағдыландыру;
- 7) дебаттық турнирлерге, семинарларға, тренингтік бағдарламаларға қатысу үшін спикерлер дайындау;
- 8) дебат клубтарының ойындарын дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу, апробациядан өткізу;
- 9) басқа дебат клубтарымен белсенді және конструктивті өзара әрекеттесу;

№	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Серіктестер	Мақсатты аудитория: қатысушылар	Орындалуы туралы мәлімет
---	------------------------------------	----------------	------------	-------------	---------------------------------	--------------------------

1	1. «Үшқыр ой»дебат клубын құру, мектеп басшылығының қолдауымен дебат клубының жұмыстарын ұйымдастыру және жандандыру мақсатында «Дебат үйірмелері» ресми түрде ашылуы. 2. Дебат тренерлері мен жаттықтырушылар туралы мәліметтерді жинақтау. Дебат клубына мүше оқушылардың базасын қалыптастыру 3. ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстыру. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы. 4. Дебат клубы бойынша мектепте дебат бұрышының жасақталуы (стенд, қабырға газеті, суреттер)	Қыркүйек-қазан	Мектептегі тәрбие жұмысының орынбасары, дебат клубының жетекшісі	Тәлімгер Сынып жетекшілер	8-9 сыныптар	Әлеуметтік желіге жариялау /Сілтеме/
2	1..Американдық Парламенттік формат дебат элементін бойынша дөңгелек үстелді ұйымдастыру..	қараша	Клуб жетекшісі:	Сынып жетекшілер	5-9 сынып білім алушылары	Әлеуметтік желіге жариялау /Сілтеме/
3	«Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы аясында тіл байлықтарын дамыту «Абай жолы», «Абайдың кара сөздері»	Қараша-желтоқсан	Кітапханашы	Сынып жетекшілер	2-9 сынып оқушылары	
4	«Үздік спикер», «Үздік оратор», «Үздік көшбасшы», «Дебаттық креатив», «Ең сенімді ойыншы», «Ең білімді ойыншы», «Ең тапқыр ойыншы», «Ең	қаңтар	Тәрбие ісінің орынбасары, клуб жетекшісі	Тәлімгер	8-9 сынып оқушылары	

5	мақсатты ойынша» пікір сыйластыруды мектепте жариялау. Дебат клубы жұмысының негізгі нысаны – дебаттық турнирлер ұйымдастыру және өткізу. Дебаттық турнир Америкалық парламентаік форматы (АІПФ) бойынша жүріту. «Оқушылар және студент жастардың дебаттық қолылаы» жылғылтық мәдени білім беру жобасы тұжырымдасын іске асыру мақсатында Тәуелсіздімдің 30 жылдығын орай және «Тәуелсіз елің тултыла» атты мектепшілік ірістеу дебат турнірін өткізу	акпп	Клуб жетекшісі	Сынып жетекшілер	8-9 сынып оқушылары	
6	1.Дебат қолылаы туралы акппарттарды әлеуметтік желілер арқылы насихаттау 2.Оқушылар арасында пікір-сайлаы бағдарламасының кеңінен таралуына ат салысу. клубтың әр мүшесінің пікір-сайлаы теориясын жетік меңгеруін және осы бағытта үнемі ізденісте болуына ықпал ету үшін кеңінен танымдық кезеңеулерді ұйымдастыру.	Сәір-мамыр	Мектептегі тәрбие жұмысының орынбасары Клуб жетекшісі: К.Ошақбаев	Тәлімгер Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы	6-9 сынып білім алушылары	Әлеуметтік желіге жариялау /Сілтеме/ Ай сайын

Дебат клубының жетекшісі:

К.Ошақбаев

Майшұқыр негізгі орта мектебінде дебат бойынша атқарылған жұмыстар

2022-2023 оқу жылы

Майшұқыр негізгі орта мектебінде 7-9 сынып оқушыларымен «Ұшқыр ой» дебаттық клуб құрылды. Бұл клубтың мақсаты: заман талабына сай, адами құндылықтарды жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Оқушыларға дебаттың Карл Поппер, Американдық, Британдық форматы түсіндірілді. Дебат тренерлері мен жаттықтырушылар туралы мәліметтерді жинақталды. Дебат клубына мүше оқушылардың базасын қалыптастыру үшін тізімі жасалды. ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен оқушыларды таныстыру жұмыстары жүргізілді. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы басты назарға алынды. «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы аясында тіл байлықтарын дамыту үшін үнемі кітап оқу, тіл байлықтарының мол болуы насихатталып отырды.

Дебат клубы жұмысының негізгі нысаны – дебаттық турнирлер ұйымдастыру және өткізу. Дебаттық турнир Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша жүргізу. «Оқушылар және студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени білім беру жобасы тұжырымдасын іске асыру мақсатында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай және «Тәуелсіз елдің тұлғасы» атты мектепшілік іріктеу дебат турнирін өткізілді.

22- ақпан күні Дебат клубының жетекшісі, тарих пәні мұғалімі Кенжеболат Рысдаулетұлы, ұйымдастырушы-педагог Раушан Казбековна 8-9 сынып оқушылары арасында дебат ұйымдастырды. Аудандық дебаттық шараға қатысқан 7 сынып оқушылары Ошақбаев Бекзат пен Жанатай Әлішер төменгі сыныптарға дебаттық ережелері мен таныстырып жүргізді. Дебат алаңының көшбасшысы ретінде өздерін көрсете алды. Дебат алаңының үздік спикері болып 8 сынып оқушысы Бүркіт Нұрасыл танылды. Қазіргі уақытта жан-жақты даму үшін тек білім қоры жеткіліксіз. Әр адам жинаған білімі мен білігін дұрыс пайдалануы маңызды.

Бұл ретте дебат ойындары мен мектептегі өзін-өзі басқару тетіктері жоғарыда аталған қабілеттерді қалыптастырады.

« Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол- сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы» деді клуб жетекшісі Кенжеболат Рысдаулетұлы.

Ойынға қатысушылар кейін үгіт-насихат пен популистік идеяларды оңай ажыратып, өз ұстанымын көпшілікке нақты аргументтер арқылы жеткізе алады. Мұндай тәжірибе жастарға күнделікті ақпарат ағынын сыни қабылдауға да көмектеседі. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өздерінің әлеуметтік байланыстары мен бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтады.

Дебат қозғалысы туралы ақпараттарды әлеуметтік желілер арқылы насихатталып отырды. Оқушылар арасында пікір-сайыс бағдарламасының кеңінен таралуына ат салысу, клубтың әр мүшесінің пікір-сайыс теориясын жетік меңгеруін және осы бағытта үнемі ізденісте болуына ықпал ету үшін кеңінен танымдық кездесулерді ұйымдастыру көзделді.

Дебат (пікірсайыс) қарарлары

БП. «Интернеттің пайдасы» пайдасы мен зияны


БП. Латын әліпбиіне көшудің пайдасы бар ма?

БП. Тәуелсіздік табыстары – 30 жылдық жетістіктері (Тәуелсіздікке 30 жыл)

БП. Мемлекеттік тіл мәртебесі артып келе ме?

БП. Адам қажеттіліктері экологиядан маңызды ма?

Оқушылар аудандық пікірсайыс додаларына осы қарарлар бойынша дайы.



Клуб жетекшісі:

К.Ошақбаев